

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 26 қазан 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ еншілес кәсіпорны «Астрахань – Маңғышлақ» магистральды су құбырын модернизациялау аясында гидравликалық жұмыстарын бастады

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту, 1-кезең» жобасының шеңберінде «Магистральдық Суағызғысы» ЖШС (қатысу үлесі 100% «ҚазТрансОйл» АҚ-на тиесілі) құбырдың екі учаскесі- ұзындығы шамамен 176 км: 56-207 км учаскесі (Ақкөл – Аққыстау е.м.) және 648-667 км учаскесін (Бейнеу е.м. айналма жолы) салып жатыр. Ұзындығы 177 шақырымның 165 шақырымын құрайтын трассада дәнекерлеу-монтаждау жұмыстары аяқталды. Гидравликалық сынақтар 56-109 км және 109-159,7 км учаскелерінде сәтті аяқталды. 159,7-207 шақырым учаскесінде гидравликалық сынаққа дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Жобаны жүзеге асыру «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін 2024 жылы тәулігіне 110 мыңнан 170 мың текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Еділ суының үздіксіз таралуына Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында орналасқан мұнай-газ өндіру және өнеркәсіптік кәсіпорындардың, мұнай-химия өндірісі жобаларының жұмысы мен дамуы тәуелді болып отыр. Сонымен қатар, «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры - Атырау облысының Құрманғазы, Исатай және Жылыой аудандарының, сондай-ақ Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы, Бейнеу, Маңғыстау, Қарақия және Түпқараған аудандарының тұтынушыларын сумен жабдықтаудың жалғыз орталықтандырылған көзі болып табылады. Жыл сайын халықтың су тұтынуы 4-5 пайызға артып келеді.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,4 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар департаменті**